

**«АҚЫЛ-ОЙЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ БІТІМІ ДАМУЫНЫҢ  
БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР БАЛАЛАР МЕН  
ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ КӘСІБИ-  
ЕҢБЕКПЕН ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ  
ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының сурдопедагогтарына,  
психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен оңалту орталықтарының  
мамандарына арналған

**«Мектепке дейінгі білім беру жағдайында имплантталатын есту протездері  
жүйесін пайдаланатын реципиенттердің коммуникативтік-сөйлеу  
дағдыларын дамыту негіздері»**

**педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру  
бағдарламасы**

**АЛМАТЫ 2026**

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....
2. Глоссарий.....
3. Бағдарламаның тақырыптары.....
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері.....
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....
6. Оқу процесін ұйымдастыру.....
7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі.....
8. Бағдарлама нәтижелерін бағалау.....
9. Курстан кейінгі қолдау.....
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.....

## 1. Жалпы ережелер

1. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының «Мектепке дейінгі білім беру жағдайында имплантталатын есту протездері жүйесін пайдаланатын реципиенттердің коммуникативтік-сөйлеу дағдыларын дамыту негіздері» атты білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының сурдопедагогтарын, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің (бұдан әрі – ППТК) және оңалту орталықтарының (бұдан әрі – ОО) мамандарын оқытуды регламенттейді.

2. Цифрлық технологиялардың, оториноларингология, аудиология, арнайы психология мен педагогика салаларының дамуындағы жетістіктер, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға көрсетілетін пәнаралық көмектегі әртүрлі бейіндегі мамандардың үйлесімді әрекеті есту қабілетінің ауыр бұзылыстары бар балалар арасында жаңа топтардың қалыптасуына әкелді. Бұл балалардың медициналық және әлеуметтік-психологиялық мәртебесі олар ержеткенше өзгеріп отырады. Соңғы онжылдықтарда есту қабілетінің ауыр бұзылыстары бар тұлғалар санатында имплантталатын есту протездері жүйесін (ИЕПЖ) пайдаланатын балалар тобы айқындалып, қазіргі кезеңде олардың саны тұрақты түрде артып келеді. Операциядан кейінгі ре/абилитация үдерісінде ИЕПЖ пайдаланатын балалардың әлеуметтік-психологиялық мәртебесінің үш мәрте өзгеруі – олардың басты ерекшелігі.

Имплантталатын есту протезі жүйесінің сөйлеу процессоры белсендірілгенге дейін бала қалыптасқан жіктемелерге сәйкес саңырау, есту қабілеті ауыр дәрежедегі нашар еститін немесе кейіннен есту қабілетін жоғалтқан (сөйлеу тілі сақталған не жоғалтып жатқан) бала ретінде сипатталуы мүмкін.

ИЕПЖ іске қосылғаннан кейін балалардың есту жағдайы жеңіл дәрежедегі есту кемістігіне (I дәрежелі) сәйкес келеді және реципиенттер 20–30 дБ қарқындылығындағы дыбыстарды қабылдай алатын нашар еститін балалар қатарына өтеді. Бұл кезеңде балалар өтпелі мәртебеге ие болады, өйткені олар сөйлеу емес және сөйлеу дыбыстық сигналдарын қабылдап, оларға жауап бере алады. Бұл жағдай бастапқы оңалту кезеңі аяқталғанға дейін, яғни баланың жақын ортамен қарым-қатынасы мен өзара әрекеттесуінің табиғи есту-сөйлеу арнасына қайта құрылуы жүзеге асқанға дейін сақталады.

ИЕПЖ пайдаланатын балаларға білім беру маршрутын таңдау олардың нақты әлеуметтік-психологиялық мәртебесін дәл айқындауға тікелей байланысты. Мақсатты түзету-педагогикалық жұмыс барысында ИЕПЖ пайдаланатын балалардың есту арқылы қабылдауы мен сөйлеу естуі қалыптасып, жетіле түседі, жалпы және сөйлеу дамуын қалыпқа келтіруге мүмкіндік туады, сондай-ақ әлеуметтік интеграцияның жоғары деңгейіне қол жеткізу жолдары ашылады.

Осы үдерістердің барлығы мамандар тарапынан кәсіби қолдауды, сондай-ақ ерте араласу және ИЕПЖ пайдаланатын балалардың коммуникативтік-сөйлеу

дағдыларын одан әрі дамыту саласында жаңа құзыреттерді меңгеруді талап етеді.

Бағдарламаның өзектілігі педагогтердің ерте даму кезеңінде медициналық-техникалық-педагогикалық ре/абилитациялық сүйемелдеуге қатысты кең ауқымды білімінің болуын қажет ететін, имплантталатын есту протездері жүйесін пайдаланатын балалардың жаңа буынының қалыптасуымен айқындалады. Бұл ретте маңызды міндеттердің бірі – ИЕПЖ реципиенті баланы отбасынан бастап білім беру ұйымдарында оқытуға дейін үздіксіз сүйемелдеуді қамтамасыз ететін дамушы, тиімді әрі сабақтастыққа негізделген жүйені қалыптастыру.

Қазақстанда, әлемнің көптеген елдеріндегідей, соңғы жылдары естімейтін балаларға кохлеарлық имплант орнатуға арналған мемлекеттік бағдарлама белсенді жүзеге асырылуда. Алайда есту-сөйлеу реабилитациясының тиімділігі сурдопедагогикалық жұмыстың сапасына тікелей байланысты. Түзету кабинеттері мен оңалту орталықтарының көптеген мамандары осы санаттағы балалармен жұмыс барысында кәсіби қиындықтарға тап болуда.

Әзірленген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы кохлеарлық импланттаудан кейінгі балаларға көмек көрсету үдерісінде сурдопедагогтардың кәсіби қызметінің сапасын арттыруға ықпал етеді.

3. Білім беру бағдарламасы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен оңалту орталықтарының сурдопедагогтарының кохлеарлық импланты бар балаларға (бұдан әрі – КИ) көмек көрсету бойынша кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

## 2. Глоссарий

Ұғым	Ұғымның анықтамасы
<b>Инклюзивті білім беру</b>	ерекше білім беру қажеттілігі мен жеке мүмкіндігін ескеріп, барлық білім алушының білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін процесс» (ҚР «Білім туралы» Заңы); жалпы білім беру жүйесін үздіксіз дамытуға бағытталған үдеріс болып табылады, ол барлық білім алушылар үшін сапалы білім беруді қамтамасыз етуді көздейді, сонымен қатар әртүрлілікті, әрқилы қажеттіліктер мен қабілеттерді құрметтей отырып, кемсітушіліктің барлық түрлерін жоюды мақсат етеді (ЮНЕСКО).
<b>Ерекше білім беруді (ЕББ) қажет ететін адамдар (балалар)</b>	тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар).
<b>Ерекше білім беру қажеттіліктері</b>	сапалы білім алудың оқу-дамыту үдерісіне қажетті көмек пен қызметтерге деген сұраныс.
<b>Ерекше білім беру</b>	білім алуға қажетті арнайы жағдайларды айқындау

<b>қажеттіліктерін бағалау</b>	
<b>Білім алуға арналған арнайы жағдайлар</b>	ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың (балалардың) жалпы білім беру оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруін қамтамасыз ету үшін қажетті оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, өмір сүру ортасын, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және басқа да қызметтерді қамтитын жағдайлар.
<b>Кохлеарлық импланты бар балалар</b>	Есту жүйесіне электрондық құрылғы имплантталған, дыбыстық ақпаратты электр импульстары түрінде есту жүйесінің талшықтарына жеткізуге және дыбыстарды қабылдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін есту бұзылыстары бар балалар.
<b>Есту-сөйлеу реабилитациясы</b>	Сөйлеу дыбыстарын қабылдау және тану қабілетін қалпына келтіру негізінде сөйлеуді дамытуға бағытталған медициналық-әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық іс-шаралар кешені.
<b>Есту қабілеті бұзылған балаларды түзете-дамыта оқытудың арнайы бағдарламасы</b>	Кохлеарлық импланттаудан кейін есту қабілеті бұзылған балаларды тиімді оқытуды жүзеге асыруға қажетті, психологиялық-педагогикалық технологиялар негізінде әзірленген қағидаттар, әдістер мен әдістемелер жүйесі.

Терминдердің өзектілігі арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарға енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкестігімен негізделеді.

### **3. Бағдарламаның тақырыптық мазмұны**

4. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының «Мектепке дейінгі білім беру жағдайында имплантталатын есту протездері жүйесінің реципиенттерінің коммуникативтік-сөйлеу дағдыларын дамыту негіздері» атты білім беру бағдарламасының баламасы жоқ. Ол мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен оңалту орталықтарының сурдопедагогтарына арналған білім беру жүйесінде бұрын-соңды қолданылмаған.

5. Бағдарламаның тақырыптық мазмұны 11 тақырыпты қамтиды:

1-тақырып. Кохлеарлық импланты бар балаларды педагогикалық оңалтуды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.

2-тақырып. Қазақстан Республикасындағы есту қабілеті бұзылған балаларды әлеуметтік және түзету-реабилитациялық медициналық-

педагогикалық қолдау жүйесі.

3-тақырып. Ерте және мектепке дейінгі жастағы кохлеарлық импланттаудан кейін есту қабілеті бұзылған балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері.

4-тақырып. Ерте және мектепке дейінгі жастағы есту қабілеті бұзылған және қатар жүретін патологиясы бар балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері.

5-тақырып. Кохлеарлық импланттау – есту қабілетінің ауыр бұзылыстары бар балаларды оңалтудың әдісі ретінде.

6-тақырып. Есту қабілетінің бұзылуын диагностикалаудың психологиялық-медициналық-педагогикалық аспектілері.

7-тақырып. Есту қабілетінің жоғалуы бар балаларды абилитациялық сүйемелдеуді ұйымдастырудың негіздері.

8-тақырып. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары жағдайында реабилитациялық жұмыстың негізгі бағыттары мен мазмұны.

9-тақырып. Есту қабілеті бұзылған және коморбидті патологиясы бар балалармен ре/абилитациялық жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктері.

10-тақырып. Есту қабілетінде проблемалары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің негіздері.

11-тақырып. Есту қабілеті бұзылған балаларды интеграциялық сүйемелдеуді ұйымдастыру және инклюзивті білім беру.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

6. Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты – кохлеарлық импланттаудан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері және оңалту орталықтары жағдайында арнайы педагогикалық көмек көрсету бойынша сурдопедагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту.

7. Бағдарламаның міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңдары мен заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерінің нормаларын ерекше білім беру қажеттіліктерін айқындау және арнайы педагогикалық көмек көрсету жөніндегі кәсіби қызметті ұйымдастыруда қолдану біліктерін қалыптастыру;

2) жаңа техно-биологиялық жағдайларда есту арқылы қабылдау дағдыларының қалыптасуы мен сөйлеу тілінің дамуының ерекшеліктерін ескере отырып, ИЕПЖ пайдаланатын балаларды оқыту мен тәрбиелеу саласындағы теориялық зерттеулермен таныстыру;

3) ерте және мектепке дейінгі жастағы кохлеарлық импланттаудан кейін есту қабілеті бұзылған балалардың психикалық дамуының ерекшеліктерін ашып көрсету;

4) ИЕПЖ пайдаланатын балалардың қазіргі заманғы педагогикалық жіктемелерімен таныстыру;

- 5) кохлеарлық импланты бар балалардың сөйлеу дамуын бағалау мен сурдопедагогикалық тексеру дағдыларын қалыптастыру;
- 6) сөйлеу дамуы мен есту арқылы қабылдауды бағалауға арналған халықаралық тестілерді қолданудың практикалық тәсілдерін ашып көрсету;
- 7) ИЕПЖ-нің техникалық сипаттамалары туралы білім қалыптастыру, жүйенің жұмысындағы ықтимал ақауларды анықтау үшін бастапқы тестілеу жүргізу біліктерін дамыту;
- 8) білім беру ұйымдарында кохлеарлық импланты бар балаларды пәнаралық сүйемелдеудің негіздерімен таныстыру;
- 9) баланың және отбасының қажеттіліктерін бағалау нәтижелерін ескере отырып, жеке сүйемелдеу бағдарламасын құру ерекшеліктерімен таныстыру;
- 10) реабилитациялық сүйемелдеу бағдарламасының нәтижелері мен тиімділігін бағалау технологияларымен таныстыру;
- 11) есту арқылы қабылдауды дамытуға, коммуникативтік-сөйлеу дағдыларын және әлеуметтік-тұлғалық құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған ИЕПЖ пайдаланатын балалармен жүргізілетін түзету-реабилитациялық жұмыстың мазмұнымен таныстыру.

8. Оқытудың күтілетін нәтижелері. Тыңдаушылар:

- 1) арнайы педагогикалық көмек көрсету бойынша өз қызметін ұйымдастыру тәсілдеріне нормативтік-құқықтық негіздеме бере алады;
- 2) ерте және мектепке дейінгі жастағы кохлеарлық импланттаудан кейін есту қабілеті бұзылған балалардың психикалық дамуының ерекшеліктерін біледі;
- 3) нозологиялық ерекшеліктерге байланысты баланың мүмкіндіктерін ескере отырып, есту арқылы қабылдау мен коммуникативтік-сөйлеу дағдыларының даму деңгейін бағалау және сурдопедагогикалық тексеру жүргізу дағдыларын меңгереді;
- 4) есту қабілеті бұзылған, ИЕПЖ пайдаланатын балаға оның санаты мен нозологиясына сәйкес есту арқылы қабылдау мен сөйлеу тілін дамыту бағдарламасын құрастыра алады;
- 5) ИЕПЖ пайдаланатын балаларды түзету-реабилитациялық оқытудың барлық кезеңіндегі арнайы педагогикалық жұмысқа қажетті кәсіби дағдыларды меңгереді;
- 6) есту қабілеті бұзылған, ИЕПЖ пайдаланатын балаларды инклюзивті немесе интеграциялық білім беру ортасына енгізу жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастырады;
- 7) акустикалық қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін дыбысты күшейтетін құралдардың техникалық мүмкіндіктері туралы білімді қолданады.

## 5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

9. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық,

психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық және вариативтік модульдер.

#### 10. Нормативтік-құқықтық модуль

1-тақырып. Кохлеарлық импланты бар балаларды педагогикалық оңалтуды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету. Кохлеарлық импланттауды ұйымдастыру және жүргізу саласындағы халықаралық тәжірибе. Есту қабілеті бұзылған балаларға кохлеарлық импланттау жүргізу және оларды реабилитациялық сүйемелдеу туралы ереже (ДДСҰ). Имплантталатын есту протездері жүйесінің (ИЕПЖ) сөйлеу процессорларын жаңғырту (апгрейд) бойынша іс-шаралар жүйесі.

Кохлеарлық импланты бар балаларды педагогикалық оңалтуды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (БҰҰ, 1948); БҰҰ-ның «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» конвенциясы (1960); БҰҰ-ның «Баланың құқықтары туралы» конвенциясы (1989) және т.б.

Ұлттық нормативтік-құқықтық негіз: Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының «Баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңдары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің) келесі қағидаларды бекіту туралы бұйрықтары: «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (2020 жылғы 27 мамырдағы №223); Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары (2022 жылғы 12 қаңтардағы №4); Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары (2022 жылғы 12 қаңтардағы №6).

2-тақырып. Қазақстан Республикасында есту қабілеті бұзылған балаларды әлеуметтік және түзету медициналық-педагогикалық қолдау жүйесі.

Қазақстан Республикасында есту қабілеті бұзылған балаларға әлеуметтік және түзету медициналық-педагогикалық қолдау көрсету жүйесі. ҚР-да балаларға сурдологиялық көмек көрсетудің алгоритмі. Сурдологиялық көмек көрсету бойынша ведомствоаралық функцияларды бөлу.

#### 11. Психологиялық-педагогикалық модуль

3-тақырып. Ерте және мектепке дейінгі жастағы кохлеарлық импланттаудан кейін есту қабілеті бұзылған балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері. Нәрестелік және ерте жастағы есту қабілеті бұзылған балалардың даму ерекшеліктері. Танымдық және сөйлеу дамуының ерекшеліктері. Тұлғалық дамудың алғышарттарының қалыптасу ерекшеліктері. Мектепке дейінгі жастағы есту қабілеті бұзылған балалардың даму ерекшеліктері. Мектепке дейінгі кезеңде есту арқылы қабылдау мен есту-сөйлеу қабылдаудың, сөйлеу, зияткерлік және әлеуметтік-коммуникативтік дағдылардың даму ерекшеліктері. Кохлеарлық импланты бар естімейтін балалардың сөйлеу дамуының кезеңдері.

4-тақырып. Ерте және мектепке дейінгі жастағы есту қабілеті бұзылған және қатар жүретін патологиясы бар балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері. Коморбидтілік және есту қабілетінің бұзылыстары. Ерте және мектепке дейінгі балалық шақта қатар жүретін патология жағдайында есту арқылы қабылдаудың, есту-сөйлеу қабылдаудың, сөйлеу, зияткерлік және әлеуметтік-коммуникативтік дағдылардың даму ерекшеліктері.

## 12. Мазмұндық модуль

5-тақырып. Кохлеарлық импланттау – есту қабілетінің ауыр бұзылыстары бар балаларды оңалтудың әдісі ретінде. Кохлеарлық импланттардың ең жаңа технологияларын қалыптастыру тарихы мен әлемдік тәжірибесі. Ерте жаста кохлеарлық импланттаудың артықшылықтары. Кохлеарлық импланттаудың көрсетілімдері мен қарсы көрсетілімдері. Балаларды кохлеарлық импланттауға іріктеудің педагогикалық әдістері. Қазақстан Республикасындағы кохлеарлық импланттау: базалық клиникалар, кохлеарлық импланттаумен айналысатын фирмалар және компания өкілдері.

6-тақырып. Есту қабілетінің бұзылуын диагностикалаудың психологиялық-медициналық-педагогикалық аспектілері. Есту қабілетінің бұзылуын ерте диагностикалаудың өзекті мәселелері. Медициналық бағыт: клиникалық-диагностикалық (аудиологиялық) көмек. Аудиологиялық тексеру хаттамасы: скрининг, отоакустикалық эмиссия (ОАЭ), қысқа латентті есту потенциалдары (КСВП), тональды аудиометрия (ТА), сөйлеу аудиометриясы (РА), МЕ. Амплификацияның техникалық құралын таңдау және сервистік қолдау. Есту аппараттары және имплантталатын есту протездері жүйелері. Естуді күшейту құралдарының жұмысын техникалық қолдау және мониторингтеу.

Педагогикалық бағыт: ерте және мектепке дейінгі жастағы есту қабілеті бұзылған балалардың есту арқылы қабылдауы мен сөйлеу дамуын қазіргі заманғы халықаралық тестілер аясында бағалау.

Психологиялық диагностика: ерте және мектепке дейінгі жастағы есту қабілеті бұзылған балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері; ерте және мектепке дейінгі жастағы есту қабілеті бұзылған және қатар жүретін патологиясы бар балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері.

Есту қабілеті бұзылған балаларға түзету-реабилитациялық жолды айқындаудағы пәнаралық тәсіл.

7-тақырып. Есту қабілетінің жоғалуы бар балаларды абилитациялық сүйемелдеуді ұйымдастырудың негіздері.

Ерте араласу бағдарламаларының халықаралық тәжірибесі. Жеке жоспарды іске асыру стратегиялары: күнделікті қайталанатын әрекеттер арқылы бейімделу (дербестік) дағдыларын дамыту, дағдыларды қалыптастыру стратегиялары және қолдау түрлері. Ата-аналарды абилитация үдерісіне тарту. Коммуникативтік-сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған күнделікті жұмысты ұйымдастыру қағидаттары. Бала мен ата-ана арасындағы өзара қарым-қатынас формаларын бағалау және талдау. Ойын – оқыту мен дамытудың негізгі

құралы (инструменті) ретінде.

8-тақырып. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары жағдайында реабилитациялық жұмыстың негізгі бағыттары мен мазмұны. Мектепке дейінгі жастағы балалардың есту арқылы қабылдауын және сөйлеу тілін дамытудың негізгі әдіснамалары мен әдістері. Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған түзету-дамыта оқыту бағдарламасы. Есту арқылы қабылдауды дамыту стратегиялары. Коммуникативтік-сөйлеу дағдыларын және фонетика-фонематикалық түйсінуді дамыту мен қалыптастыру стратегиялары. Математикалық ұғымдарды қалыптастыру стратегиялары. Әлеуметтік-тұлғалық құзыреттерді қалыптастыру стратегиялары. Психомоторлық құзыреттерді қалыптастыру стратегиялары. Сюжеттік-рөлдік ойын дағдыларын қалыптастыру стратегиялары – коммуникативтік дамудың негізі ретінде.

### 13. Технологиялық модуль

9-тақырып. Есту қабілеті бұзылған және коморбидті патологиясы бар балалармен ре/абилитациялық жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктері.

Коморбидтілік және есту қабілетінің бұзылуы. Коморбидті жағдайларда есту аппараттарын фиттингтеу және сөйлеу процессорын баптаудың ерекшеліктері. Есту қабілеті бұзылған және қатар жүретін патологиясы бар балалардың есту арқылы қабылдауы мен сөйлеу тілінің дамуына мониторинг жүргізу. Жеке ре/абилитациялық сүйемелдеу бағдарламасын құрастыру кезіндегі басымдықтарды айқындау. Есту қабілеті бұзылған және қатар жүретін патологиясы бар балалармен түзету-дамыту жұмысындағы мультидисциплинарлық тәсіл.

10-тақырып. Есту қабілетінде проблемалары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің негіздері. Ерте және мектепке дейінгі жастағы есту қабілеті бұзылған балаларды оқытуға қатысты қазіргі заманғы тәсілдер. Коммуникативтік дағдылардың дамуына әсер ететін негізгі факторлар. Есту қабілеті бұзылған балалардың импрессивті және экспрессивті сөйлеуінің даму ерекшеліктері. Онтогенез үдерісінде фонетика-фонематикалық түйсінуді қалыптастыру. Есту қабілеті бұзылған балалардың дамуының психоәлеуметтік аспектілері. Есту қабілеті бұзылған балалардың кеңістікті сезінуі (спациоцепция) мен психомоторлық дамуы. Қозғалыс арқылы стимуляция: фонетикалық ритмика мен музыкалық даму – есту қабілеті бұзылған балалардың коммуникативтік-сөйлеу дағдыларын ынталандырудың негізі ретінде.

### 14. Вариативтік модуль

11-тақырып. Есту қабілеті бұзылған балаларды интеграциялық сүйемелдеуді ұйымдастыру және инклюзивті білім беру. Деинституционализация – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудағы қазіргі заманғы бағыт. Есту қабілеті бұзылған, ИЕПЖ пайдаланатын балаларға арналған инклюзия немесе интеграция мәселесі. Жалпы білім беретін мектеп жағдайында кохлеарлық импланты бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу. Инклюзивті сыныпта кохлеарлық импланты бар

балаларға арнайы жағдайлар жасау.

ИЕПЖ пайдаланатын есту қабілеті бұзылған баланы инклюзивті оқытудағы педагогтің міндеттері. Үй-жайларды акустикалық қолжетімділік тұрғысынан қамтамасыз етуге қойылатын талаптар. Оқу материалының акустикалық қолжетімділігін қамтамасыз етуге арналған қазіргі заманғы дыбысты күшейтетін жүйелер. Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы компьютерлік технологиялар.

## **6. Оқу процесін ұйымдастыру**

15. Оқыту дәстүрлі аудиториялық (күндізгі) немесе қашықтан (онлайн) форматта жүзеге асырылады.

16. Білім беру процесі оқытудың интерактивті формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, жұппен және топпен практикалық жұмыс, топтық тренингтер, шеберлік сыныптары, кейс-әдіс, мәселелерді бірлесіп шешу.

17. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен оңалту орталықтарының сурдопедагогтарының Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру мақсатында төмендегілер көзделеді: топтық жұмыстарды кеңінен қолдану және талқылау мен рефлексия; нормативтік және әдістемелік құжаттамамен жұмыс; теорияның негізгі мәселелерін және кейс-стади материалдарын шағын топтарда талқылау, кейін ұжымдық жұмыстарды таныстыру; педагогтердің командалық жұмыс дағдыларын дамытуға бағытталған тренингтер.

## **7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік құрамы**

18. Бағдарлама бойынша курстық оқытудың жалпы көлемі 80 академиялық сағатты құрайды.

19. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі мыналарды қамтиды:

1) педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламасын;

2) сурдопедагогикалық және логопедиялық тексеру нәтижелерін талдауға арналған үлестірмелі материалдарды, сондай-ақ кохлеарлық импланттаудан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзету-дамыта оқыту бағдарламасы негізінде жеке даму бағдарламасын құрастыру үдерісін иллюстрациялайтын материалдар;

3) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен оңалту орталықтарының сурдопедагогтарының қызметін ұйымдастыруға арналған құжаттама пакетін, оның ішінде: ППТК-дағы түзету сабақтарының жоспарларын; психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы мемлекеттік қызметтер шеңберінде көрсетілетін көмектің түрлерін және олардың мазмұнын ашатын құжаттарды; жеке даму бағдарламаларын, түзету сабақтары басталғанға дейінгі баланың

жағдайын сипаттайтын материалдарды (баланың мінездемесі), түзету-дамыту бағдарламасының мазмұнын (дамыту жұмысының бағыттары, әдістері, әдістемелері, тәсілдері мен құралдары);

4) кохлеарлық импланттаудан кейін есту қабілеті бұзылған балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмысының әрбір кезеңіне арналған жеке даму бағдарламасының үлгілерін;

5) тыңдаушылармен кері байланыс парақтарын, қорытынды бақылау және өзіндік жұмыстарға арналған материалдарды. Бағдарламада өзіндік жұмыстың келесі түрлері қарастырылған: баланың психо-сөйлеу дамуының деңгейі мен ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық бағалау (бейнебақылау материалдары негізінде) және оның түзету-дамыту жұмысының кезеңіне сәйкестігін анықтау; жеке даму бағдарламасын құрастыру; дамыту жұмысының әдістері мен тәсілдерін айқындау. Қорытынды бақылау аралас форматта өткізіледі: тест тапсырмалары мен жазбаша жауаптарды үйлестіру арқылы, курстың негізгі тақырыптары бойынша, атап айтқанда кохлеарлық импланттаудан кейін есту қабілеті бұзылған балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмысының әрбір кезеңінің мақсаты, міндеттері және негізгі мазмұны қамтылады.

## **8. Оқыту нәтижелерін бағалау**

20. Тыңдаушылардың білімін бағалау және дағдыларының қалыптасуын бақылау мақсатында экспресс-сауалнамалар, өзіндік жұмыстар және қорытынды бақылау жұмысы жүргізіледі. Өзіндік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, кері байланыс сауалнамалары, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

21. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін және Бағдарлама мазмұнын меңгеруін айқындау үшін профессор-оқытушылар құрамы Бағдарламаның әрбір тақырыбы аясында бақылау тапсырмаларын (өзіндік жұмыстар, сауалнама парақтары және т.б.), сондай-ақ кері байланысқа арналған қорытынды бақылау жұмысын әзірлейді. Алынған кері байланыс негізінде дәрістер мен практикалық сабақтардың мазмұнына түзетулер енгізіледі, қосымша материалдар (құжаттама үлгілері, әдебиеттер тізімі, дидактикалық материалдар, бейнематериалдар және т.б.) іріктеледі, Бағдарлама мазмұны бойынша қосымша түсіндірулер жүргізіледі. Қорытынды бақылау жұмысының орындалуы келесі критерийлер бойынша бағаланады: орындалмаған (дұрыс жауаптар ұсынылмаған); ішінара орындалған (дұрыс жауаптар 50 %-дан аз); ортадан жоғары деңгейде орындалған (дұрыс жауаптар 50 %-дан 70 %-ға дейін); толық орындалған (дұрыс жауаптар 70–100%). Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсы аяқтау үшін дұрыс жауаптардың кемінде 70 %-ын жинау қажет. Қорытынды бақылау жұмысының нәтижелері курстан кейінгі қолдау кезеңінде өткізілетін консультациялардың мазмұнын жоспарлауға негіз болады.

## **9. Курстан кейінгі қолдау**

22. Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау келесі нысандарда жүзеге асырылады:

- жеке және топтық консультациялар (оның ішінде бейнеконференция режимінде);
- мәтіндік және бейнематериалдарды пайдалана отырып, әдістемелік қолдау;
- әдістемелік тақырыптық семинарлар (оның ішінде вебинарлар);
- дөңгелек үстелдер.

23. Курстан кейінгі қолдау үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең – Zoom платформасы негізінде курсты тыңдаушылар жүргізген баланың психо-сөйлеу дамуының деңгейі мен ерекшеліктерін диагностикалау нәтижелерін талдау және талқылау мақсатында өткізілетін әдістемелік семинар мен топтық консультация.

Екінші кезең – баланың жеке даму бағдарламасын әзірлеу нәтижелері бойынша жалпы вебинар және жеке консультациялар (Zoom және WhatsApp платформалары негізінде).

Үшінші кезең – жеке даму бағдарламасы бойынша жүргізілген түзету-дамыту оқытудың нәтижелерін топтық талқылау форматындағы рефлексивтік есеп пен дөңгелек үстел.

Осы кезеңде кохлеарлық импланты бар балаларға арнайы педагогикалық көмек көрсету барысында кәсіби құзыреттіліктердің даму деңгейіне талдау және бағалау жүргізіледі.

## **10. Негізгі әдебиеттер тізімі**

1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы (01.09.2024 жылғы өзгерістері мен толықтыруларымен бірге).

2 Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-II «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы (2024 жылғы 11 маусымдағы өзгерістері мен толықтыруларымен бірге).

3 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ.

4 «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

5 «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы.

6 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы (2-тарау, 2 параграф: Есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы бөбекжайлар мен балабақшалар қызметінің тәртібі; 4, 5 тарау: Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері қызметінің үлгілік ережелері; Оңалту орталықтары қызметінің тәртібі).

7 «Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығы. 2-қосымша: «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік көрсетілетін көрсету қағидалары

8. Специальная коррекционно-развивающая программа для детей с нарушениями слуха (кохлеарным имплантом)/ Ерсарина А.К., Шолпанкулова Г.М.– Алматы: ННПЦ РСИО, 2021.

9. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Психолог-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе. Алматы. 2019 г.- 106 с. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

10. Сурдопедагогика. Учебник для студ. высш. пед. учеб. заведений / Под ред. Е.Г. Речицкой. – М., 2004.

13 Головчиц Л.А. Дошкольная сурдопедагогика. – М., 2001.

14 Королева И.В. Реабилитация детей с кохлеарными имплантами. – СПб., 2004.

15 Королева И.В. Слухоречевая реабилитация глухих детей с кохлеарными имплантами. - СПб., 2006.

16 Королева И.В. Развитие слуха и речи у глухих детей раннего и дошкольного возраста после кохлеарной имплантации: Учебное пособие / И.В. Королева. СПб: 2008.

17 Кохлеарная имплантация и слухоречевая реабилитация глухих детей и взрослых: Учебное пособие/ И.В. Королева. СПб., 2009.

18 Allen M. C., Nikolopoulos T. P., O'Donoghue G. M. Speech intelligibility in children after cochlear implantation // Am. J. Otology. 1998. Vol. 19. No 6. P. 742-746.

19 Ching T. Y., Hill M., Brew J. et al. The effect of auditory experience on speech perception, localization and functional performance of children who use a cochlear implant and a hearing aid in opposite ears // Int. J. Audiol. 2005. Vol. 44(12). P. 677-690.

20 Bradley J., Beale T., Graham J., Bell M. Variable long-term outcomes from cochlear implantation in children with hypoplastic auditory nerve // Cochlear implants international. 2008. Vol. 9. No 1. P. 34-62.

21 Зонтова О.В. Коррекционно-педагогическая помощь детям после кохлеарной имплантации: метод. рекомендации / Спб. РГПУ., 2007.

22 Социально-педагогическая реабилитация детей раннего возраста после кохлеарной имплантации: методические рекомендации /сост. А.К. Ерсарина, Г.М. Шолпанкулова, А.К. Достай. – Алматы, 2018. ( <http://special-edu.kz/>).

23. Никитина М.И., Красильникова М.А. Чтение и развитие речи: Учеб-метод.пособие. СПб., 2005.

24 Жукова О.С., Королева И.В. Логопедическая работа с детьми после кохлеарной имплантации// Логопед в детском саду. 2006а. №3.С. 49-51.

25 Жукова О.С., Королева И.В. К вопросу о взаимодействии сурдопедагога и логопеда в реабилитации глухих детей после кохлеарной имплантации // Два века российской сурдопедагогики: Матер. Всероссийский конгресс сурдопедагогов. СПб.,2006б.

26 Соколовская Т.А. Особенности речевого развития детей после кохлеарной имплантации. // Специальное образование, 2013, №2.

27 Яхнина Е. З. Методика музыкально-ритмических занятий с детьми, имеющими нарушения слуха: Учеб, пособие для студ. / Под ред. Б. П. Пузанова. М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003.

## **11. Қосымша әдебиеттер тізімі**

28 Специальная педагогика. Учебное пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / Под ред. Н.М. Назаровой. – М., 2000.

29 Богданова Т.Г. Сурдопсихология. М., 2004.

30 Королева И.В. Диагностика и коррекция нарушений слуховой функции у детей раннего возраста. –СПб.: КАРО,2005.

31 И.В. Королева. Абилизация детей младшего возраста с кохлеарными имплантами: общее и различия в сравнении с глухими и слабослышащими детьми: Матер. Конгресса «200 лет Российской сурдопедагогики», С-Петербург, ноябрь, 2006.

32 Нет «необучаемых детей: Книга о раннем вмешательстве /под ред. Е.В. Кожевниковой, Е.В. Клочковой. – СПб., 2007.

33 Система комплексной оценки проблем психосоциального развития детей раннего возраста: Методические рекомендации /сост. А.К.Ерсарина, Р.К. Айтжанова, А.К. Кенжеева, Д.Р.Юлдабаева, А.Н. Токарева. – Алматы 2016 ( <http://special-edu.kz/>).

34 Пельмская Т.В., Шматко Н.Д. Формирование устной речи дошкольников с нарушенным слухом. - М.: Изд.центр «ВЛАДОС»- 2003.

35 Зонтова О.В. Пакет дидактических материалов по развитию слухового восприятия детей с нарушенным слухом. Методические рекомендации.СПБ., 2008г.